

СӘТБАЕВ  
УНИВЕРСИТЕТІ



SATBAYEV  
UNIVERSITY

# ДОКТОРАНТУРА PhD




Сәтбаев университеті – БСҚА Ұлттық  
рейтингі бойынша Қазақстандағы  
№ 1 техникалық жоғары оқу орны.



**Біз Сіздің компанияңыздың қызметкерлеріне  
PhD докторантураның 33 білім беру бағдарламасының  
бірін келесі 7 бағыт бойынша таңдауды ұсынамыз:**




**Геология  
және мұнай-газ ісі;**



**Тау-кен  
металлургия саласы**




**Өнеркәсіптік  
инженерия**



**Ақпараттық және  
телекоммуникациялық  
технологиялар**



**Сәулет  
және құрылыс**



**Жобаларды  
басқару**



**Химиялық және  
биологиялық  
технологиялар**

## Сәтбаев университетінде оқудың артықшылықтары:

-  Оқу барысындағы белсенді ғылыми-зерттеу жұмыстары;
-  Халықаралық алмасу және тағылымдамадан өту бағдармалары;
-  Мықты ғылыми-зерттеу инфрақұрылымы;
-  Шетелдік университеттермен ынтымақтастық аясында екі ғылыми кеңесшімен жұмыс істеу;
-  Сіздің талаптарыңызға сай келетін еркін оқу түрі. Аттестаттау және емтихандар кезіндегі байланыс сағаттарын ескере отырып, білім алуға және курстарға қол жетімділік қашықтықта оқу форматта жұмыстан қол үзбей Blended Learning бойынша оқу мүмкіндігі;
-  Сіздің компанияңыздың сұранысы бойынша оқу бағдарламасын жаңарту мүмкіндігі.

## Сәтбаев университетінде 2020-2021 оқу жылына докторантураға түсуге қойылатын талаптар:

-  Докторантураға «магистр» дәрежесі және кем дегенде 1 (бір) жыл еңбек өтілі бар тұлғалар қабылданады;
-  Докторантураға қабылдау - қабылдау емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады;
-  Шетел азаматтарын докторантура бағдарламаларына қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес, шетелдіктердің конкурстық негізде оқуы, докторлық бағдарламаларға арналған стипендиялық бағдарламаны қоспағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен анықталады;
-  Сәтбаев университетіне ақылы негізде оқуға шетелдік азаматтарды қабылдау – күнтізбелік жыл ішінде Сәтбаев университетінің қабылдау комиссиялары немесе ғылыми ұйымдар өткізген сұхбат нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Академиялық күнтізбеге сәйкес шетелдік азаматтар келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын қабылданады;
-  Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы №8 бұйрығымен бекітілген Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау ережесіне сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен танылады немесе нострификацияланады (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5135 болып тіркелген);
-  Докторантураға түсушілердің өтініштерін қабылдау – Сәтбаев университетінің қабылдау комиссиясының ақпараттық жүйесі арқылы ағымдағы жылдың 3 шілдесі мен 3 тамызы аралығында жүзеге асырылады;
-  Қабылдау емтихандары күнтізбелік жылдың 4-20 тамызы аралығында өткізіледі;
-  Оқуға қабылдау – күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін.

# Сәтбаев университетіне оқуға түсу үшін:

- 1** **kb.satbayev.university** сайтына онлайн режимде тіркелу қажет;
- 2** Оператор растағаннан кейін Сәтбаев университетінің қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсыру қажет:
  - ✓ Өтініш (еркін нысанда);
  - ✓ Білімі туралы құжат (түпнұсқа, құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде);
  - ✓ Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
  - ✓ Жұмыс орны бойынша кадр қызметі куәландырған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы немесе еңбек қызметін растайтын өзге де құжат; ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда)
  - ✓ 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
  - ✓ 086-У нысанындағы медициналық анықтама;
  - ✓ Қысқаша ғылыми жоба (Research Proposal);
  - ✓ Ғылыми жетекшінің диссертацияға жетекшілік жасауға жазбаша келісімі, жұмыс орнынан мөрмен расталған (мүмкіндігінше);
  - ✓ Ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (ғылыми жарияланымдар, зерттеу жоспары, эсселер және басқа да құжаттар);
  - ✓ Уәждемелік хат (кемінде 250 сөз, Times New Roman 14 шрифт, интервал 1,5);
-  **Шетел тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шетел тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат (қолданыстағы сертификат);**  


## Ағылшын тілі:

- ✓ **IELTS** (АЙЛТС)/International English Language Tests System (Интернешнл Инглиш Лэнгуидж Тестс Систем), шекті балл - кемінде 5.5;
- ✓ **IELTS INDICATOR**(АЙЛТС Индикатор), шекті балл - кемінде 5.5;
- ✓ **TOEFL ITP** (ТОЙФЛ АйТиПи) Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз э Форин Лэнгуидж Инститьюшнал Тестинг программ), шекті балл – кемінде 460 балл;
- ✓ **TOEFL IBT** (ТОЙФЛ АйБиИТи) Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лэнгуидж Инститьюшнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест), шекті балл - кемінде 46 балл;
- ✓ **TOEFL PBT** (Тест ов Инглиш аз а Форин Лэнгуидж пэйпер бейзид тэстинг) Test of English as a Foreign Language Paper-based testing, шекті балл –кемінде 453 балл;
- ✓ **DuolingoEnglishTest** (Дуолинго Инглиш Тест), шекті балл – кемінде 85 балл;
- ✓ **CEFR** (CommonEuropeanFrameworkofReference – СиИэФаР (КоммонЕуропианФреймуоркОвРефэрэнс), шекті балл – B2;

 Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығын және қолданылу мерзімін Сәтбаев университетінің қабылдау комиссиясының қызметкерлері тексереді.

 Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге, оқуға түсушінің қатысуымен жүргізілетін салыстыру үшін, олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстырып, тексеру жүргізілгеннен кейін құжаттардың түпнұсқалары қайтарылады.

## Қабылдау емтихандарын өткізу процесі:

---

- ☒ Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қабылдау емтиханын және сәйкесінше докторантураның білім беру бағдарламаларына қабылдауды Сәтбаев университеті жүзеге асырады. Бұл ретте, оқуға түсуші докторантураның білім беру бағдарламалары тобы бойынша қабылдау емтиханын тек оқуға түсетін ЖОО-да тапсырады;
- ☒ Докторантураға қабылдау емтихандарын өткізу кезінде Сәтбаев университетінде білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Кадрларды даярлаудың баламалы бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға рұқсат беріледі;
- ☒ Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары тиісті бейін бойынша доктор немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар Сәтбаев университетінің профессор-оқытушылар құрамының және қызметкерлерінің қатарынан құрылады. Емтихан комиссияларының құрамы олардың төрағаларын көрсете отырып, Сәтбаев университетінің басшысының бұйрығымен бекітіледі.

## Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қабылдау емтихандарын өткізу бағдарламалары мен кестесін:

---

- ☒ Емтихан өткізу нысаны, өткізу күні, уақыты мен орны, консультация білім беру бағдарламаларының топтары бойынша Сәтбаев университеті әзірлейді және де қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді, қабылдау емтиханының басталуына 3 (үш) күн қалғанда оқуға түсушілерге хабарланады;
- ☒ Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қабылдау емтихандары бейне және (немесе) аудио жазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі;
- ☒ Қабылдау емтиханын өткізу қорытындысы бағалау тізімдемесіне және Комиссия хаттамасымен еркін түрде ресімделеді, олар нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына комиссияның төрағасы және қатысып отырған барлық мүшелері қол қояды;
- ☒ Қабылдау емтихандарының нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады;
- ☒ Сәтбаев университетіне докторантураға қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің конкурсы негізінде жүзеге асырылады.основе по результатам вступительных экзаменов.

## Докторантураға тұлғаларды қабылдау келесідей негізде жүзеге асырылады:

---



шетел тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шетел тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат;



докторантураның білім беру бағдарламалары тобына қабылдау емтиханының қорытындысы бойынша және мүмкін болатын 100 балдан кем дегенде 50 балл жинаған жағдайда.

## Докторантураға тұлғаларды мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қабылдау келесідей негізде жүзеге асырылады:

---



конкурстық негізде қабылдау емтиханы бойынша ең жоғары балл жинаған тұлғалар қабылданады.



конкурстық негізде қабылдау емтиханы бойынша кемінде 75 балл жинаған тұлғалар қабылданады.



Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда докторантураға қабылдау кезінде білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша неғұрлым жоғары бағасы бар тұлғалар басым құқыққа ие болады. Одан кейін білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін ғылыми жетістіктер ескеріледі: ғылыми жарияланымдар, соның ішінде соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ClarivateAnalytics компаниясының Webofscience деректер базасының JournalCitationReports мәліметтеріне сәйкес рейтингтік ғылыми басылымдарда 1 және 2 квартильге енетін жарияланымдар; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендиялар, гранттар беру жөнінде сертификаттар; ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін грамоталар/дипломдар.